

## **1 Еңбекті қорғаудың басқару жүйесі**

1. Еңбекті қорғау деп жұмыс кезіндегі адамның денсаулығы мен жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ететін әлеуметтік, экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық, гигиеналық және емдеу профилактикалық іс-шаралар мен құралдар жөніндегі Заңнамалар жүйесін айтады

2. Қауіпсіздік техникасы дегеніміз – жұмыс кезіндегі қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болдыртпайтын ұйымдастыру іс-шаралары мен техникалық құралдар жүйесі

3. Өндірістік санитария дегеніміз – жұмыс кезіндегі зиянды өндірістік факторлардың әсерін азайтатын немесе болдыртпайтын ұйымдастыру іс-шаралары мен техникалық құралдар жүйесі

4. Еңбек қауіпсіздігі дегеніміз – жұмыс негіздегі ешқандай қауіпті және зиянды ӨФ-дың әсері жоқ болып табылатын еңбек жағдайы

5. Қауіпті өндірістік фактор дегеніміз, белгілі бір жағдайларда жұмыскерді жарақатқа немесе аяқ астынан денсаулығының нашарлануына душар ететін фактор.

6. Зиянды өндірістік фактор – белгілі бір жағдайларда жұмыскерді сырқаттануға немесе жұмысқабілеттілігі нашарлатуға душар ететін фактор.

7. Өндірістегі оқыс жағдай – тиісті жұмыс міндеттерін яки жұмыс жетекшісінің тапсырмасын орындау кезінде қауіпті және зиянды өндірістік факторлар әсерінен туатын жағдай.

8. Өндірістік жарақат – жұмыскердің жұмыста жүріп, еңбек қауіпсіздігін сақталмаған жаі

9. Кәсіби сырқат – жұмыскерге ұзақ мерзім бойы зиянды өндірістік факторлардың әсер етуінен бұзатын сырқат.

10. Өндірістік жарақаттанушылық – өндірістік жарақаттар жиынтығымен сипатталатын құбылыс.

11. Өндірістік қондырғылар қауіпсіздігі – ҒТ құжаттармен белгіленген жағдайларда өзіне тиісті функцияларын орындайтын қондырғалардың ЕҚ талаптарына сай келу қасиеті.

12. Өндірістік үдерістердің қауіпсіздігі – өндірістік үдерістердің ҒТҚ-да белгіленген ЕҚ талаптарына сай келу қасиеті.

13. Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі (ЕҚСЖ) – барлық еңбек саласындағы Ережелер мен шамалаулардың біртұтас жиынтығы.

14. Қауіпті аймақ – жұмыскерге кері әсері болуы мүмкін қауіпті не зиянды өндірістік факторлары бар өндірістік орын.

15. Жекеше қорғану құралдары (ЖҚҚ) – қолданылуының арқасында қауіпті не зиянды өндірістік факторлардың әсерін азайтатын немесе болдыртпайтын құралдар.

16. Ұжымдық қорғану құралдары – бір мезгілде екі немесе одан да көп жұмыскерлерді қорғайтын құралдар.

17. Қауіпсіз арақашықтық – жұмыскер мен қауіп көзі арасындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін белгіленген арақашықтық.

18. Зиянды зат – ереженің бұзылуы себебінен адам организмімен қабысу (контакт) нәтижесінде өндірістік жарақатшылыққа, кәсіби сырқатқа немесе денсаулығының ауытқуына душар ететін заттар.

19. Зиянды заттардың шектеулі-рұқсатты мөлшері (ШРМ) – демалыс күнінен басқа күндері 8 сағат немесе бұдан да өзгеше жұмыс ұзақтығы ішінде, бірақ аптасына 41 сағаттан аспайтын мерзімде жұмыскер организміне кері әсер ете алмайтын зиянды заттардың ауадағы мөлшері.

20. Қауіпсіздік белгілері – жұмыскерлерге болуы мүмкін (тиісті) қауіпті ескерту үшін, қажетті қорғаныс құралдарын пайдалануды есіне салу үшін, сонымен қатар, оның кейбір қимылдарына шек қойып, кейбір іс-әрекеттерге рұқсат етуге негізделген белгілер.

Осы айтылғандардан байқалатыны – еңбекті қорғау дегеніміз барлық еңбек адамдарының денсаулығы мен жұмысқабілетін сақтауға бағытталған іс-шаралар жүйесінің элементтері болып табылады.

Демек, еңбекті қорғаудың басты міндеті адамды еңбек үдерісі кезіндегі түрлі жарақаттар мен сырқаттардан қорғау, сақтау болып табылады. Себебі, кез-келген жарақат пен сырқат денсаулық пен жұмысқабілеттіліктің ауытқуына соқтыратыны анық.

### **1.1 Еңбекті қорғау пәнінің басқа ғылымдармен байланысы**

Еңбекті қорғаумен тығыз байланыстағы ғылымдардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

1. Биология (грек сөзі-өмір) – барлық тірі табиғат жөніндегі ғылым. Ол барлық тірі организмдердің өздерін қоршаған ортамен байланысын зерттеп, оқытатын ғылым (ЕҚ мәселесі үшін адамдар) ;

2. Медицина (латын сөзі- емдеймін) – адамдардың денсаулығын сақтау мен сырқаттардың алдын алуға бағытталған ғылыми және практикалық жұмыстар жүйесі;

3. Еңбек психологиясы – адамдардың психологиялық қасиеттерін, жұмыс түрлеріне байланысты орын алатын психологиялық ерекшеліктерін және еңбек адамдарының осы ерекшеліктерге қалай тәуелді болатындықтарын зерттеп, оқытатын (көрсететін) ғылымдар саласы;

4. Эргономика – нақтылы өндірістік ортадағы адам мен машинаның өзара қарым-қатынасын және жұмыс қимылдарының қаншалықты ыңғайлы, екендігін зерттеп, оқытатын ғылым.

5. Техникалық эстетика – еңбек жағдайларының қаншалықты жанға жайлылығын, ұжымдылығын және сол өндірістік ортаның мәдени-әлеуметтік, техникалық және эстетикалық проблемаларын зерттеп, оқытатын ғылым;

6. Еңбек экономикасы – еңбекті ұйымдастыру, жоспарлау және бағалау тұрғысында экономика заңдарын пайдалану жолдарын және формаларын зерттеп, оқытатын ғылым.

7. Социалогия – экономика ғылымымен етене араласа отырып, еңбекті ғылыми ұйымдастыру шеңберіне бірін-бірі толықтырып отырады.

## **1.2 Еңбекті қорғау ғылымының дамуына әсер ететін заңдар**

Еңбекті қорғаудың ғылыми міндеттерінің бастысы – басқа да ғылымдар сияқты, өзінің теориялық және практикалық мәселелерін шешерде, сүйене алатын Заңдарды табуы. Мысалы, инженерлік міндеттерін шешерде оның сүйенетін Заңдары:

1 – ауаның қозғалыс Заңдары – өндірістегі желдету жүйелерін жасағанда;

2 – Жарықтың таралу (техникалық) Заңдары – жарық беру жүйелерін жасағанда;

3 – Радиация Заңдары – радиациядан қорғаныс шараларын жасағанда;

ЕҚ-ың техникалық міндеттерін шешерде оның сүйенетіні – физика, химия, механика, электротехника Заңдары.

Мысалы, жермен қосып қорғану және электрлік айыру есептері үшін – электротехникалық Заңдар, заттардың (жабдықтардың) беріктілігін есептегенде – физика Заңдары, конструкциялардың орнықтылығы мен сенімділігін есептегенде – механика Заңдары т.с.с. болып табылады.

ЕҚ-тың әлеуметтік жайларына әртүрлі, әржақты қоғамдық Заңдар көмектеседі.

Мысалы, еңбек жағдайларының адамның физиологиялық және психологиялық мүмкіндіктеріне сай келуі, еңбек жағдайларының жоспарлы түрде ұдайы жетілдірілуі, қарапайымнан күрделіге уақытылы көшіп отыруы, психикалық-жүйкелік ауыртпалықтардың көбеюі – оның барлығы да қоғамдық Заңдармен түсіндіріп отырады.

Осы Заңдар мен заңдылықтарды біліп, оқып отыру ЕҚ проблемаларын уақытылы шешіп отыруға мүмкіндік береді.